

ства образования и науки Республики Казахстан от 19 мая 2003 года № 329 и Агентства Республики Казахстан по туризму и спорту от 7 мая 2003 года № 06-2-2/129.

11 Исследование форм организации физкультурно-массовой работы в детском оздоровительном лагере (на примере туризма).

Түйін

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2030» көпмерзімді даму стратегиясында экономикалық қана емес, сонымен қатар бүгінгі таңдағы өзекті кедейлік пен жұмыссыздық мәселесін шешуге мүмкіндік беретін туризмді нақтылады. Десек те, халықаралық туризм қатарында балалар мен жасөспірімдер арасындағы туризмнің даму қажеттілігін атап өтті. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы туризмнің ең

басты мақсаттарының бірі - бала тәрбиелеудегі мемлекеттік маңызы бар жеке тұлғаның және жалпы қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Conclusion

The President of the Republic of the Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in Kazakhstan's long-term development strategy said: "Kazakhstan - in order of priority identified tourism as a growth industry, whose development will help solve not only the structural economic issues, but also on employment and poverty, which is now particularly important. But along with the external (international) tourism there is a need of revival of youth tourism. One of the important goals of youth tourism is to develop a healthy way of life and society as a whole, which is of great public importance in the upbringing of children.

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТАН ТЫС БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Есмаганбетова Ш.К.

Оқушылардың бос уақыттарын өнердің бір түрімен танысуына жұмсау тұлғаның жан-жақты жетілуіне себепші болады. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру балаларды әр түрлі өнер түрлеріне араластыруға жақсы мүмкіндік туғызады, айнала қоршаған ортада, еңбекте, адамдармен қарым-қатынаста, олардың шығармашылық қабілетілігін дамыту қажет.

Әр баланың өнерге деген қабілеті. Мектеп пен ата-ана алдындағы міндет балаға әр түрлі көркем-өнер шығармашылығы сабақтарымен шұғылдануына қолайлы жағдай жасау, бұл тек қана баланың шығармашылық қабілетін айқындап, сақтап қана қоймай, сонымен қатар оны дамыту мен жүзеге асыруына септігін тигізеді.

Тұлғаның эстетикалық қабілеттілігінің айнымас мақсаты балалық шақтан басталатыны белгілі, балада ең алғашқы ақыл белгілері пайда болғанда, әдет пен қылықтар, эстетикалық қажеттілік дамиды. Міне сондықтанда төменгі сынып оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану жұмысына көп көңіл бөлінуде.

Төменгі сынып оқушыларын бос уақыттарында эстетикалық тәрбиелеу жекелеген және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қатаң қадағалауда, осының арқасында ба-

ланың алға қойған мақсаты ерте байқалады. Төменгі сынып оқушылары өте жігерлі, көшпелі яғни бір орында ұзақ отыра алмайтын оңай еліктегіш болып келеді. Олардың қозғалыс жылдамдығы жеткіліксіз, бос уақыттағы түрлі әрекетке, жігерлі дамытуға ерекше назарды талап етеді.

Бұл жастағы балалар әсершіл, таң қалғыш. Оларды барлық ашық, айрықшаланған, көзге түсерлік нәрселер қызықтырады. Білім құмарлық, жаңа түсінулер олардың көркем-өнер шығармашылық дамуына жол ашады. Төменгі сынып оқушылары еліктеп ән айтып, би билейді, музыкалық аспапта ойнайды, сурет салғанды, мүсін жасауды ұнатады. Олар өте алғыр, бар ынтамен өлеңдерді оқып, тыңдайды, оларды эмоционалды қабылдап, тіпті мазмұны толық түсінікті болмаса да, суретке өз пікірлерін оңай жеткізеді, түстерге қарап өз сезімдері бойынша, қоршаған ортаға өздерінің қарым-қатынасын, баға ретінде түстерді жиі пайдаланып, қоршаған ортада табиғаттағы болып жатқан ғажайыптарға мән береді. Сондықтан да баланың әдемілікке деген жақсы қарым-қатынасын сақтап қана қоймай, оны мақсатты түрде жүзеге асыру керек.

Төменгі сынып оқушылар өте сенгіш. Олар абыройлы, беделді адамға ұқсағысы ке-

ліп оны өзіне пір тұтады. Өмірде және өнерде өздеріне дұрыс идеал таңдау, олардың бос уақытында қандай сабақ түрімен айналысуына, бала мінез-құлқы назарлардың бағыттылығын анықтайды.

7–10 жастағы балалар салыстырмалы түрде үлкендердің айтқанын тез ұғынып алады, алайда ұзақ уақыт арасында оларды орындамауы да мүмкін. Балаларға бір істі орындауды тапсырмас бұрын, осы істің көздеген мақсатын, жұмысының жемісі қандай болатынын көруі керек. Егер баланың алдында осы істі орындауға деген мықты мақсат қойылса, түрткі болар күш арта түседі. Нақты қойылған мақсат пен таным, оқушыларды жігерлілікке әкеледі, ал ол болса қолайлы уақыт, сәт туғанда шығармашылыққа айналады. Сондықтан төменгі сынып оқушыларын бос уақытын ұйымдастыру терең түсіну мен еңбек тапсырмасымен қамтамасыз ету маңызды, оны орындаудың маңызы мен келешегін түсіндіру қажет.

Біздің пайымдауымызша бос уақытты тиімді пайдалану мәселесі, уақыт пен ұйымдастыру нәтижесінде төменгі сынып оқушыларында күнделікті 3–5 сағат бос уақыт болатынын көрсетеді. Оқушылар мен ұстаздар арасында жүргізілген сұраулар, топтық және жеке лей әңгімелесу, төменгі сынып оқушыларының бос уақытында шығармашылық өнерге деген ұмтылыс шамалы болуда. Оқушылар сабақтан тыс уақытында күніне 2–3 сағат теледидар көреді, компьютерде ойнайды және 2–3 сағат далада ойнайды екен. Шығармашылықпен айналысу үшін оқушыларда аз ғана уақыт қалады екен.

Теледидар хабарларын қабылдауы, оқушыларға көп жағдайда мінез-құлыққа қатты әсер етеді. Төменгі сынып оқушылары телекөрсетілімдерді көру барысында оларда тек ол телекөрсетілім «ұнады» не «ұнамады» деген ғана ой туады. Арнайы дайындықсыз балалар тек қана алдындағы көрсетіліп тұрған жағдайларды сол қалыпта қабылдайды, ал ішкі дүниесіне үңіле бермейді. Айқын бөлшектері және қарбалас жағдайлар оларды қызықтырады және есте сақталады, ал негізгі мазмұны, мақсаты телекөрсетілімдердің шығармашылық құндылығы балалар назарынан тыс қалады.

Балалар көбінесе барлық телекөрсетілімдерді көре береді, ал бұл уақыт олардың шығармашылықпен айналысуға жұмсайтын уақытын шектейді, эстетикалық дамуына кедергі келтіреді.

Ұстаздар мен ата-аналар мақсатты телекөрсетілімдерді көруді қадағалау керек. Мұндай жұмыстарды мектепте өткізуге болады, онда балаларға белгілі телекөрсетілімдер көруге ұсынылады, оларды анализдеу. Мұғалімнің сұрақ қоюы арқасында балалардың назары қажетті сәттерге ауады, оның мазмұнын ашуға, көрсетілімнің шығармашылық құндылығына мән беруге көмектеседі. Мектептегі жұмыс отбасында да жалғасуы тиіс, онда ата-аналар балаларының телекөрсетілімдерді көруін қадағалай алады, сонымен қатар бірге талқылай алады. Мектеп пен ата-ана алдындағы міндет – баланың эстетикалық телекөрсетілімдерге деген эстетикалық қызығушылығын арттыру.

Бос уақыттағы балалардың ең жақсы көретіні кино көру. Кино өнерінің әсері өте жоғары, алайда оқушыларға оларға араласуы жоғары түрде өтуде. Нәтижесінде балалар көрсетілімдегі автордың айтқысы келген негізгі құндылықты, негізгі ішкі мәселені түсіне бермейді. Бұндай көзқарас баланың эстетикалық ойлау жүйесін кеш дамытады. Ең бастысы кинофильмді дұрыс таңдай білуі керек. Олар өздерінің жас деңгейіне байланысты кино картиналарды дұрыс таңдай білуі керек. Ал мұғалім мен ата-аналар олар көріп отырған фильм қандай мағына беретініне нұсқау мен назар аударуы керек. Мысалы, көрсетілімнен кейін фильмді талқылап, режиссердің айтқысы келген ойын, ондағы қойылған әуендер, фильмде ойнаған әртістер жайлы пікірталас жүргізуі керек. Мұндай талқылаулар балалардың фильмді терең түсінуіне және оның өнер екенін түсінеді.

Компьютер ойындары баланың ойлау қабілетін арттырғанымен баланың ішкі жан дүниесі өспейді. Бала өздігінен ізденбеу, ойындардың түрлеріне қарай оның психикасының дұрыс қалыптаспауына, дене қозғалысының жоқтығынан баланың денсаулығына тигізер зияндарының көптігін қазіргі ғалымдар дәлелдеп дабыл қағуда. Осы тәріздес құмарлықты уақыттың шектеулігі мен ата-ананың қамқорлығы баланың дұрыс жолды таңдауына көмек.

Келесі әдіс, бұл 1–3 сынып арасындағы оқушылардың бос уақытында кітапқа деген қызығушылығы. Қазіргі тексерулерге қарасақ, оқушылардың жартысы сабақтан кейін кітап оқумен шұғылданады. Олар оқитын оқулықтар көбінесе мектеп бағдарламасы және мұғалім өткізген сыныптан тыс сабақтардың тақы-

рыптарына арналады. Бірақ қазір оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын тек мектеп бағдарламасымен ғана шектеледі, көркем шығармаларға деген қызығушылық болмайды. Мұндай оқу оқушылардың эстетикалық талғамын және әдебиетке деген қызығушылықты оятпайды. Төменгі сынып оқушыларының тағы бір кітап оқудағы кемшілігі олардың кітапты баяу оқуында. Өздері жақсы көретін ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді үлкендерге оқытатыны сондықтан. Мұндай оқу әдісі оқушының мектепке барғанда көптеген қиыншылықтарға апарып соқтырады, оқушылардың оқу деңгейі баяулап нашарлап кетеді. Өздері аз оқығандықтан мектептегі үлгерімнің нашарлап кетуіне әкеп соқтырады. Мұндай жағдайда оқушыға мұғалімнің және ата-ананың көмегі қажет. Олар балаға қызықты кітап таңдап, ондағы оқиғаны баламен бірге талқылап, баланың айтқан ойын құптап, баланы мадақтап отыруы керек. Сонда бала да кітапқа деген ынта және өзіне сенімділік пайда болады.

1-сынып оқушылары көбінесе кітапты тек ата-анасының көмегімен ғана оқиды, 2–3-сыныпқа қарай оқушы өз бетімен оқи бастайды. Негізі кітапты дауыстап оқу баланың кітапқа деген қызығушылығын артады және кітаптан алған әсері көпке дейін есте сақталады. Дауыстай отырып оқушылар көптеген салыстыруларға, әдеби метафораларға, әдеби сөздерге көңіл аударып, көркем шығармаларды терең түсіне бастайды. Ол өздері оқып естерінде қалған әдеби көркем сөздерді айнала-сындағы адамдармен әңгімелесу барысында қолданады.

Балалардың тағы бір әдебиетке деген қызығушылығы, оқып отырған шығармасынан авторы және оның шығармашылығы жайлы мәлімет білуі. Мұндай жағдайда балаларға жазушылардың өмірі мен шығармалары жайлы айтып, әдеби мұражайларды, көрмелерді, жазушы жайлы көркем фильмді көбірек көрсетуді мақсат етуі керек.

Оқушылардың көбі дерлік бос уақытында ата-аналарымен қала сыртында, саябақта, табиғат аясында өткізеді. Қала сыртында болғанда ата-аналар тек қана қыдырып қана қоймай, қоршаған ортаны бағалауға, сол табиғатты жеке тұлға ретінде баланың да қорғайтын үлесі болуы керек. Табиғат адамның эстетикалық дамуына, ойлау жүйесіне әсер етіп, қуаныш сыйлап, тұлғаның қалыптасуына септігін тигізеді. В.А. Сухомлинский «Жүрегімді

балаларға ұсынамын» кітабында былай дейді: балалық шақта қоршаған орта, табиғат әркез оқушының ойлау жүйесін дамытуына септігін тигізеді, әдемі де әсерлі табиғат көрністері барша табиғат аясындағы өткен сәттер тек қана ойлау мен дамуға жақсы әсерін тигізеді. Менің ойлағаным, менің тәрбиеленушілерімнің негізгі ойын анықтау үшін күн сайын 4 жыл көлемінде табиғаттың қандай сәттері балалардың ойлауына қалай себін тигізетінін қадағалап отырдым. Бұл «Табиғат кітабының» 300 бетінде жинақталды. Бұл 300 бақылау, 300 ашық сурет, балалардың еңбегі нәтижесінде. Дұрыс ойлау үшін аптасына 2 рет біз табиғат аясына серуендеуге шықтық.

Тағы бір оқушылардың бос уақыттағы айналысатын жақсы көретін істерінің бірі бейнелеу өнері. Олар жоғары қызығушылықпен сурет салады, мүсін жасайды, оюлар ойып, жапсырма жасап, құрастырғанды ұнатады. Бұл жастағы балалар үшін бейнелеу өнері қоршаған ортаға деген көзқарасын, өз ойын білдірудің ең негізгі құралы болып табылады. Бұл үрдіс өту барысында құндылықтар дамиды және олар басқа да өнер түріне бағыттайды. Бейнелеу өнерімен айналысу барысында балаларда эстетикалық сезім, сұлулықты түсіну, түсті сезіну, ырғақ, үндестік, пропорция дамиды. Бейнелеу өнері баланың ойлау қабілетін жақсартады, ал бұл болашақ шығармашылық қабілеттілікті арттырады. Сурет салу барысында балалар қоршаған ортаны танып, бақылай алады. Балалардың сурет әлемі – бұл әлем балалардың ренжуі және олардың жекеменшік шығармашылыққа деген қызығушылығы. Бейнелеу өнері ақыл-ой мен адамгершілікті арттыруға көмектеседі, баланың шығармашылық қуанышқа, әдемілікке деген талпынысын арттырады.

Жүйелі бейнелеу өнері де олардың шығармашылық құндылығымен, оған қызығушылығын оларға түсіндірмелі түрде жеткізіледі. Көркем өнерді балалардың терең ұғынуы өнерге деген ынтасы ашады және болашақта шығармашылықпен айналысуына септігін тигізеді.

Мұғалім мен ата-ана алдындағы баланы жақсы гуашь және акварель бояуларымен қамтамасыз ету, қылқаламдар, түрлі түсті борлар, сазбалшық, балшық, сурет құрастыруға арналған құралдар, сурет кималар, ақ және түрлі-түсті қағаздар жалпы қарапайым бейнелеу құрал-жабдықтарын меңгеруіне көмектесу.

Тағы бір міндетті жайттар баланы жүйелі бейнелеу өнерінің құндылығын ұғынуы және оған араласуы, дамытуы. Бейнелі өнер де музыка сияқты тез меңгеруге қиындық туғызады. Тек қана ұзақ өнер туындыларын тамашалау барысында ғана, тақырыптың мәні түсінуге болады. Балаларды жиі сурет көрмелеріне апарып отыру керек, мұражайларда, мүмкін болған жағдайда сурет өнері қоймаларында болып, графика, сызба түрлерімен танысуы керек. Суретшінің шығармасымен танысу балалар үшін өнерді жақсы үйренуіне септігін тигізеді.

Мұғалім мен ата-ана алдындағы міндет – әрдайым төменгі сынып оқушыларының көркем өнерге деген талпынысын шындай түсу. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін балаларды көркем өнерге, музыкаға қызықтыру, үйірмелер, студия орталығы, мектептегі ұйымдар, балалар шығармашылық сарайына жазылу және үйде қадағалау керек.

Төменгі сынып оқушыларының эстетикалық тәрбиесі, балалардың өнерге деген ынтасы, қарым-қатынасы (теледидар, кино, компьютер, театр, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка) және тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты екені белгілі болды.

Еңбек мен тұрмыстық жағдайларды жақсартуға бағытталған экономикалық маңызды істердің бірі ұзартылған күн тәртібіндегі мектептер ашу болды. Ұзартылған күн тәртібіндегі мектептерді көптеп ашу тек қана қоғамның қажеттілігі ғана емес және де педагогикалық мақсатта іске асырылды. Мұндай түрдегі мектеп бағдарламасы оқушының бос уақытында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Уақытты дұрыс бөлу, демалыс уақытын дұрыс таңдау, сыныптан тыс жұмыстар оқу-тәрбие жұмысының деңгейін арттырады, өскелең ұрпақтың эстетикалық, физикалық дауын жақсартады.

Сабақтан тыс жүргізілетін үйірмелер оқушының шығармашылық қасиетін аша түсуге көмектеседі. Ол көркем шығармамен айналысуға болатындай қосымша уақыт қалыптастырады: оқушының өнерге деген ынтасы, талпынысы педагогикалық бақылаумен және баланың жас ерекшеліктеріне байланысты сабақтан тыс уақытта пайда болады. Бұл уақытты тиімді пайдалану тек қана қалауы бойынша ғана емес, сонымен қатар эстетикалық дамуды қалыптастыру үшін міндетті.

Өнердің салалары мен түрлерінің аумағы неғұрлым тар болған сайын баланың бейнелеу өнерге деген көзқарасы әр қилы, ал эс-

тетикалық дамуына қолайлы әсер етеді. Алайда мектептегі өнердің сан қырын дәріптеуге арналған ішаралардың мүмкіндігі жоғары. Бір уақытта мектеп оқушыларының түгел дерлік барлық үйірмелерге қатысуы мүмкін емес (әнмен де, бимен де, көркем өнермен, әдеби шығармашылықпен). Балалардың барлығын шығармашылық қызықтыру, тек қана театрлық өнер, жан дүниеге гармониялық әсер ететін әдеби шығармалар, әуендер, көркем өнер, әртістік қабілеттілік болып табылады. Жекелеген театрларға қатысу оқушыға барлық өнер түрлеріне араласуына мүмкіндік туғызады, әрбірінің өзіндік қыр-сырымен құндылығын, өзара байланысын терең ұғынуға көмектеседі.

Үйірмелерге қатынасатын мектеп оқушылары үшін өздері қалаған, жан-дүниесіне жақын істермен айналысқаны дұрыс, театрлық өнермен айналысумен қатар, техникалық және қол өнер еңбектерімен шұғылдануға да мүмкіндік бар. Мектептен тыс көркем өнерпаздар үйірмелері мен арнайы музыкалық мектептердегі балалардың ынтасы мен өмірге деген көзқарасының ұшқыр ойлығын көріп те ырза боласың. Музыканы орындау үшін бала қаншама еңбек жасап, тер төгеді. Орындайтын шығарманың авторы мен оның шығу тарихы жайлы деректермен кеңінен танысуының өзі әлемдік тарих пен бірге баланы әсемдікке, үлкен мәдениеттілікке үйретеді. Мұнымен қоса баланың ішкі рухани дүниесі де бай болып келеді. Қазіргі таңда ұлттық мәдениетімізді дамыту саласында атқарылып жатқан ізгі жолдардың бірі деуге болады. Би өнерінің де алар орны мол. Қазіргі кездегі әр елдің билері мен қоса осы замандық билердің көптігі мектеп жасындағы балалардың ең сүйікті ісі деуге болады. Би – бала денінің саулығына әсер ететін бірден бір өнер түрі. Би қозғалыс қимылдарының өз тарихы мен орындау мәнерлері сұңғақ бойлы, байсалдылыққа тәрбиелеп қана қоймай, ортада өзін-өзі ұстай білуіне де зор үлес қосады.

Театрлық өнердің синтездік мінез-құлығы оның сызбасы мен ұжымдық шығармашылықпен араласуына байланысты. Спектакль көптеген адамдардың көмегінің арқасында туындайды, сондықтан да театрлық сабақтар адамның өзіндік құндылығын арттыруға көмектеседі, іске деген тиянақтылықты, ұжымшылдықты, балаларға топпен жұмыс жасау қуанышын сыйлайды.

Театрлық сабақтарға қатысу барысында оқушылар дағды мен біліктілікке үйренеді. Әртіс өз рөліндегі негізгі болып жатқан жайтты көрерменге толық жеткізуі үшін, оның өмірдегі өзіндік қызықты жақтары болуы керек, бұл бақылауға, есте сақтауға, назар аудартуға қажет ең басты мәселе. Бұл құндылықтарды арттыру үшін «Ауызша әңгімелеу», «Көшелік бағалау», «Жануарлар», «Шеңбер назары» сияқты жаттығулар жүргізуге болады. Бұл жаттығулар адамның ойлау қабілетін арттыруға, болған жайттарды қабылдауға, оларға баға беруге, адамның еңбектегі және рухани жағын қалыптастыруға көмектеседі.

Тағы бір өнердегі бағалы сәттер – ол әріптеспен дұрыс қарым-қатынас, бұл спектакльдегі басты кейіпкер рөлімен негізгі мақсатын ашады. Бұл түсіністік барысында ортақ бір ойға келіп, сезімдермен, режиссер мен рөлді сомдаушылар арасындағы мақсатты айқындауға деген ұмтылыс туады. Алайда мектептен тыс мәдени іс-шаралар оқушының сөйлеу шеберлігін дамытады. Сахналық қойылымдарға қатысу сөйлеу мәнерін өзгертеді, яғни сөйлеу мәнерін, жақсы дауыс ырғақ, жанды мәнерлеп оқу тек қана әртістердің қолынан емес, кез-келген оқыған адамның қолынан келетінін түсінеді. Көптеген пьесалармен жұмыс істеу, әдебиет үзінділерімен жұмыс істеу, балалардың әдебиетке деген ынтасын ашып, әр сөздің өзінің дұрыс қолданылу қадірін түсінеді. Театрлық көркем шығармамен шұғылдану әр оқушының дұрыс қозғалу, өзінің дене бітімін дұрыс күте білу, ортада өзін дұрыс ұстай білу, кез-келген жағдайда өз ойын дұрыс, нақты жеткізу қабілетін дамытады. Театрлық сабаққа қатысу әр оқушының тәрбиесін дұрыс дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда төменгі сынып оқушылары тек мектеп бағдарламасымен ғана шектеліп, көркем әдебиетке, көркем шығармаларға мән бере бермейді, сыныптан тыс шығармашылықпен үйірмелерге азды-көпті ат салысады. Бұның себебі, қазіргі таңдағы теледидардың, ғаламтордың, компьютердің, ақпараттық техникалық құралдардың шамадан тыс дамуы. Олар сол себепті тек қана дайын мәліметтермен ғана шектеледі, ал олардың баланың ойлау қабілетіне тигізетін әсері көп, өзіндік ізденіс болмайды, өзіндік көзқарас туындамайды. Ал бұның бәрі баланың ойлау, сөйлеу қабілетінің баяулауына әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Киев, 1972. – С. 110–111.
- 2 Грачева О.О. Приобщение младших школьников к различным видам искусства в свободное время. – Минск, 1982. – С. 36–37.
- 3 Исследование художественных интересов школьников / Под. ред. Ю.У. Фохт-Бабушкина. – М., 1974.
- 4 Станиславский К.С. Шығ. жинағы. – I–III том «Актердің өз-өзімен жұмысы». – М., 1954. – 61.

Резюме

Данная статья раскрывает возможности воспитания младших школьников во внеклассной работе через приобщение к искусству разных жанров: кино, живопись, театр, музыка, танцы и т.д.

Conclusion

This article describes the ways of bringing the young learners in out school activity through various kinds of out: cinema, painting, theatre, music and dance.

ҒҰНДАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Нурханова А.С.

Қазақ ұлтымыздың Еуразияның кең-байтақ даласында ежелден бері өмір сүріп келген ертедегі ру-тайпалардың сан ғасырлар бойы өзара араласу, біртұтастану сияқты үрдістердің нәтижесінде пайда болғаны баршаға мәлім. Бұл тайпалардың ішінен қуатты мемлекетке айналып, тарихта, мәдениетте, өнерде белгілі із қалдырғандарының бірі – ғұндар. Өкінішке

орай, тарихи шығармаларында ғұндардың тарих сахнасында көп уақыт болмай, өзімен бірге тек қана өлім мен зорлық-зомбылықты әкелген жабайы халық болғаны жөнінде пікір қалыптасқан. Алайда соңғы тарихи және археологиялық зерттеулер бұл халықтың әлем тарихындағы алатын орнын қайта қарау мәселені көтерді. Көптеген ғалымдар ғұндардың